

04.05.2026 ж.
Алатау ауданы

№6
Алатауский район

**"БАЛ САПАР" ЖШС балабақшасының білім беру қызметін
өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Алматы қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментінің 2026 жылғы маусым айында мемлекеттік аттестаттаудан өтетін Алматы қаласының білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде жекеменшік "БАЛ САПАР" ЖШС балабақшасы қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу кезінде бірыңғай ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы №486 бұйрығы педагогикалық кенесте балабақша ұжымына таныстырылсын.

1. «БАЛ САПАР» ЖШС балабақшасы білім беру қызметін өзін-өзі бағалау іс шаралар жоспары бекітіліп, 2026 жылдың 04.05 - 29.05.2026ж аралығында өткізілсін.

2. Білім беру қызметін бағалау бойынша төмендегі комиссия мүшелері бекітілсін:

- Рысбек А.Ғ- меңгеруші комиссия төрайымы;
- Әлмұхамет А.- тәрбиеші комиссия мүшесі;
- Бижан А.Б- музыка жетекшісі комиссия мүшесі.

3. Бағалау өлшем шарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін; *(1-қосымша)*

4. Комиссия төрайымы Рысбек А.Ғ жекеменшік «БАЛ САПАР» балабақшасы білім беру қызметін, өзін - өзі бағалауды жалпы жоспарлауды оған басшылық жасауды жүзеге асырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуының бақылауын өзіме қалдырамын.

Меңгеруші



Рысбек А.Ғ
Рысбек А.Ғ

МДҰ өзін-өзі бағалауды өткізу жоспары

№	Ф.А.Ә.	Жауапты
1	Өзін-өзі бағалауды өткізу жоспарын дайындау және бекіту	Директор, әдіскер
2	Ұсынылатын мектепке дейінгі ұйымының қызметтерінің сапа көрсеткішін анықтау	Директор, әдіскер
3	Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының талаптарына жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің орындалуы және сәйкестігі	Директор, әдіскер
4	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру	Директор, әдіскер
5	Педагог кадрлардың біліктілігіне қойылатын талаптарды сақтауын қадағалау	Директор, әдіскер
6	Тәрбиеленушілердің дамуының мониторингі (бастапқы, қорытынды) нәтижелерін талдаудың болуы және сәйкестігі, баланың даму картасын толтыру	Әдіскер, тәрбиешілер
7	Тәрбиеленушілердің МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуын қадағалау	Директор, әдіскер, тәрбиешілер
8	Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;	Директор, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар
9	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру	Директор, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар